

Қ. ЖҰМАЖАНОВ

ҚАЗАҚ-ҚАРАҚАЛПАҚТАРИХИ ӨЛЕҢ-ЖЫРЛАРЫНЫң ТҮТАСТАНАУ МӘСЕЛЕСІ

М.Әуезов «Тарихи жырлар» атты еңбегінде «...адайлар мен түрікмендердің ұзакқа созылған соғысы халық басына зор ауыртпалық болып түскендігі жайындағы тарихи жырлар ерекше бір цикл құрайды» [1, 75] – деген еді. Ол тарихи өлеңдер мен жырлар тарихта белгілі болған есімдер төңірегінде шоғырланып, Орта Азия және Сібір тайпаларының бірінсі-бірінің жасаған шапқыншылығын баяндап, айқындаپ, қазақ-қалмақ соғыстарының жойқындығын көрсетіп, Ресей отаршылдарының озырылышына тәзбеген халқымыздың ұлт-азаттық күресін асқақтатып, жалындарын проф. Қоқан мен Хиуа хандарының кей орындарда әділетсіз кеткендігін боямасыз, әсірелеусіз жырлаған ақын-жыраулар поэзиясы дәүір тынысын көрсететіндігін де сипаттады [1, 75-76].

Қазақ батырлық жырларында шоғырланудың (циклдану) амал-тәсілдерінің төрт жолын проф. Сұлтанғали Садырбаев «Фольклор және эстетика» монографиясында атап етеді. Оның біріншісі, бір батыр басынан өткен ірі оқиғаларды тізіп, бірінен соң бірін жырлау арқылы шоғырланатынын; екіншісі, батырдың туылғанынан бастап өлгеніне дейін оқиғалық өмір іздерін ізбе-із баяндау арқылы өмірбаяндық тұтастанатынын; үшіншісі, батырдың батырлық жолын, оның балаларының одан әрі жалғастыруы генеологиялық (ұрпақтық) жолымен шоғырланатынын; төртіншісі – бас батырға бірнеше батырлардың шексіз беріліп, орталықты тұтастанудан көруге болады [2, 104-106]. Осы теориялық негізге иек артсақ тарихи өлең-жырларының да шоғырланатындығын байқаймыз. Бесқалада өмір сүрген қазақ-қарақалпақ әдебиетіне тендей қызмет жасаған Тілеумағамбет Аманжоловтың «Асаяу-Барак» тарихи жырында генеологиялық тұтастану толық сақталған. Сатыпалды-Барак-Асайлар жалғастыры соның күесі. Олар – «Асаяу-Барак» жырының басты қаңармандары. Екінші, бір такырып-ка бірнеше тарихи өлең жырлардың арналып шығарылуы арқылы қалыптасады. Ол тақырып бір ұлтқа ғана тиісті болмай, бірнеше ұлттардың тарихи тағдырын қамтып шоғырланады. Мәселен, отаршылдыққа қарсы, қалмақ жойқынына қарсы шықкан бірнеше өлең-жырлардан шоғырлануды айқын көрсек, міне, сондай тақырыптық шоғырлануды ұлы М.Әуезов айтқанындей, түрікмен шапқыншылығына орай шықкан тарихи жырлардан да көруге болады. Оның

да дәстүрлі даму жолының бар екенін байқаймыз.

«Араб-парсы тілдерін жетік білген Қожаберген жырау (1663–1762) – өз Тәуекенің сенімді елшілерінің бірі болған. Ол елдің ішкі және сыртқы коғамдық-саяси істеріне мол араласқан». Одан 1723 жылды Жонғар қалмактарының қазақ жеріне жасаған топылыс жойқынына орай «Елім-ай» атты өлеңмен жазылған шежірежыр қалған. Сонда: түрікпендердің дін исламға қарсы болғандығын көрсетіп сипаттайтын өлең тармактары бар [3, 187-189].

Қазактың шешендік сөз өнерін егемендік ел көзімен жаңаша пайымдаушы, зерттеуші Г. Қосымова «Қазактың шешендік өнерінің негіздері» оқулық-енбегінде «...Асыны да, ондағы қалмақ көліндағы 30 ұлыс елді де қайтарып алуша, Еділдегі қалмактар шабуылынан қазақты қорғауда, түрікпендердің шабуылуына тойтарыс беруде Әбілқайырдың ерлігі ұшан теніз болған еді» [4, 121] – деген. Әбілқайырдың ерлігі мен ерен еңбегін осылай сипаттаған. Демек, қазақ тарихында түрікпендердің қазаққа тыныштық бермегендігін тарихи деректерден, өлең тармактарынан, ғалым зерттеулерінен ұғынамыз.

«Әжінияз – қарақалпақ халқының көркем сана-сезімінде өте терен із қалдырған шайырлардан болды» [5, 6]... «Әжінияз қарақалпақ классикалық поэзиясының суреткерлік мүмкіншілігін көрсетуде өте маңызды ұлес қосқан шайыр болды. Ол – күншығыс поэзиясының ұлы дәстүрлерінің үәм тәжірибелерін өзінің жүйрік қаламының ұшында қарақалпақ поэзиясына сінірді» [5, 14] – деп, Өзбекстан, Қарақалпақстан халық ақыны Ибраіым Юсупов «Дала орфейі» мақаласында жазған еді. «Ал Әжінияздың отаншылдығы мен гуманистігі шайырлық мәдениетіндегі оқымыстырық өз замандастары арасында өзгеше бір төбө» [5, 6] болтуына дәүірі алып келді. Сол ұлы ақын Әжінияз Қосыбайұлы (1824–1874) «Бозатау» поэмасын тарихи оқиғадан алып жазған еді.

1858–1859 жж. оқиғасы қарақалпақ тарихында өшпес ізін қалдырған кезең болды. Ол жылдары қарақалпактар ұлт-азаттық көтерілісін Хиуа хандығы билігіне қарсы қойды. Қонырат қаласына Мұхаммед Пананы көтеріліші халық хан сайлады. Қарапайым көтерісшілер Мұхаммед Панадан Ресейден

көмек сұрауды талап етті. Ол жазған үш хат та аяқсыз қалды. Себебі Англия отаршылдары жаумыттар қолтығына жел үрлеп, көтерілістің женіліуіне септігін тигізді. Түркмендер Қонырат қаласына жетті. Мұхаммед Пана халқына сүйеніп, оған қарсы тұру орнына жаумыттарға беріліп, Қонырат қаласын тонауға рұқсат етті. Ханға ренжігендер Арап теңізіне жақын Бозатауға жетіп, қорған салды, бекінді. Әжінніяз көтеріліс ортасында болды. Халықты әр жерге тұрып күресуге шақырды. Ақын сөзі көпке өтпеді. Жаумыттар Бозатауға көшкендерді шапты, киаратты. Зорлық қамытын кигізді [6, 232-234]. «Қызылжеліншектерін Тегеран, Бағдат шаңарларына дейін апарып сатты» [5, 10]. «Елім-ай» қазақ даласының 1723 жылғы жонғар шапқыншылығының трагедиялық гимні болса, Әжінніяздың «Бозатау» поэмасы мен халық туғызыған «Бозатау» әні мен сөзі қарақалпақтың 1858-1859 жылғы халық көтерілісінде қарақалпақтар басына Хиуа ханы мен жаумыттар түсірген «мұшқіл» халінің гимні болып қалды.

«Елім-ай» тармактары Әжінніяз «Бозатауын», ал «Бозатау» «Елім-айды» толықтырып тұрғандай. Қос халық тағдырындағы трагедиялық халді оқиға желісімен, оның адамдық келбетін сипаттауымен өмір шындығын тап басып, өлең қатарлары суреттеген. Ақындық «МЕН» тарихи шығармада басты тұлға болып көрінеді. Тарихи шығармаларда қазақ, қарақалпақ, халқының арлы, елдік сезімдері көрінеді.

XX ғ. бас кезінде, Хорезм ойпатын көпшілік партиясы біртіндеп қол астына зорлықпен бағындырып, кіргізіп жатқан шағында шашау отырған қазақ, қарақалпақ, өзбек ауылдарына жаумыттардың қарақышылық жорығы тоқталмаған.

Баспашилармен күрес тақырыбына қарақалпақ әдебиетінде бірнеше шығармалар тағы да арналды [7, 108].

Сондай-ақ «Хорезм халық күшиклары» кітабында, Құрбан ата Исмайловтың «Хорезм тарихи шежиресіндегі» [8, 282-288], Сапа Алламбергеновтың «Кім себеп?» [8, 289-290] өлеңдерінде де қарақалпақ халық өлеңдеріндегі пікір баяндалған.

«Хорезм халық күшиклари» жинағын құрастырушы Ж.Қабулниязов бұл мәселеде ... «тез-тез ұшырап тұратұғын трагедиялардан еді» – деп көрсетеді. «Алдағы кезде мұндай әрекеттерден сақ болу керектігін, бейғам боп алданып қалмауды, дос және туысқан болып жасау қажеттігін» [8, 390] ұғындырып өтеді.

Қарақалпақ, өзбек халық өлеңдері және Әжінніяздың «Бозатау» поэмасы халқымыздың зәбір көрген дәуірінің көрінісін баяндады, суреттеді.

Сөйтіп әдебиетімізде жаумыт шапқыншылығы мен баспашиларына орай тарихи тақырыптық өлең жырлармен шоғырлану дәстүрін қалыптастыруды. Оған казақ, қарақалпақ әдебиетінде тендей қалам тартқан ақын Тілеу мағамбет Аманжолұлы (1860-1935) да «Аскар батыр», «Ермағамбет батырдың қыссасы», «Марқабай мен Өтебай батыр» жырын шығарып, баспашиларының әшкөрелейтін өнер туындысын сөз өнерімізге әкелді.

«Қарақалпақстанның жаңа тарихы» (Қарақалпақстан XIX ғ. екінші жартысынан XXI ғ. дейін) «1919 жылдың октябрь айының ақырында Хиуа аймағына Жәнейт хан диктатурасына қарсы жұмысшы өнермент өмір дихандардың көтерілісі жүз берді, ноябрь айында құралды, қозғалыс Қонырат, Хожелі, Қене Ургеніш бектігінде басталды» [9, 194], – деп жазады. Сөйтіп, «Жәнейт хан және оның бандаларына қарсы күрес жалпы халықтық характерге ие болады» [10, 210]. Тілеу мағамбеттің тарихи жырлары және жоғарыда біз көлтірген «Дертінен» деп аталған қарақалпақ халық өлеңі мен «Хорезм халық күшикларындағы» деректер, «Тілеу мағамбеттің эпикалық жырлары» халықтық характерге ие болған оқиғаны қамтыды.

Тілеу мағамбет жырларындағы басты қаңармандар өмірде болған адамдар. «Аскар батыр» жырының қаңарманы Аскар Нұримбетұлы 1886 жылы Қонырат ауданының «Жұз танап» (қазіргі «Хорезм» ұжымшары орналасқан мекенді орын – К.Ж.) деген жерінде туған. Нұримбеттің әкесі – Текебай. Одан Ерімбет, Нұримбет, Жамылхан, Сейілхан, Өмірхан, Ырысымбет туған.

«Аскар батыр» жыры жыршы Бағынбай Жақсымұратов арқылы жазушы, ақын, фольклоршы-ғалым Әденбай Тәжімұратовтың үй архиві материалына түсінен. Ол авторлы жырды авторсыздандырып XX томдық «Қарақалпақ фольклоры» деп атаптын көп томдықтың V томында [11, 406-412] жариялаған.

«Аскар батыр» жыры XX томдықта басылым көрместен бұрын филология ғылымдарының докторы, жазушы, шайыр, қоғам қайраткері Наурыз Жапақов «Социалистік реализм жолында» атты монографиясында: «Ақынның (Тілеу мағамбеттің – К.Ж.) азамат соғысы уақытында жазған дастандары үлкен маңызға ие. Әсіресе ақынның «Аскар батыр» дастаны бағалауға лайық. Дастаның бас қаңарманы Аскар шынында да болған адам» [12, 18] – дейді. Әрине, авторлы жырды авторсыздандыру ғылымға бедел әкелмесе керекті.

«Аскар батыр» жыры көптеген информаторлар арқылы хатка түсті. Қартбай Қылышұлынан «Аск-

ар-Қыдыр» (290 қатар), Қошқар Ахметовтан «Асқар батыр» (237 қатар), Паражат Мұсакұловттан «Асқар батыр» (244 қатар), Бақытжан Мұстажепұлы Аманжоловтан «Асқар батыр» (231 қатар) атамасымен жазылды. Тілеу мағамбет ақынның тіке өзінен «Асқар батыр» жырын араб жазуынан Отар Жантасев аударған. Отар қолжазбасын кириллге түсірген батыр баласы – Құрбанбай. Қолемі – 685 жол. Н.Дәуқараев атындағы тарих, тіл, әдебиет институты қолжазба қорында Р-170, рет. 54067 тіркеуімен «Асқар батыр» (қолемі 241 қатар) жыры бар. Құрбанбай кириллицаға түсірген «Асқар батыр» жыры ең толығы, әрі көркемдісі.

«Асқар батыр» – екі бөлімді жыр. Біріншісі – «Асқар-Қыдыр» деп аталады. Бұл бөлімді жыршылар бөлек жырлап та жүріпті. Оның да басты себебі бар, бірінші бөлімде Асқардан Қыдыр оқиғасы көбірек суреттеледі. Асқарды «арыстандай айбаттыай, жолбарыстай қайратты-ай», алғыр бүркіт қырандай «мын кісіге бара бар, бір өзінің қайраты-ай» деп сипаттаса, Қыдырды «қыдыр ердің асылы», «өкшесі жауға берік еді» «өзі болған жігітті дүшпан неғып іркеді» деп баяндайды. «Асқар-Қыдыр қос батыр, қой бастаған серке еді, наизасының ұшынан, қанды көбік бүркеді. Ақын «батыр ед тұқымынан, жауды көрсе құтырган» деуден Қыдырды әріге жеткізе алмайды. Ол – жауға түскендерді азат та етпейді. «Қуандық пен Қыдырды өлтірейік десken баспаши-бандылар ұйықтап жатқан ауылға түн ішінде келеді. Қуандықты төсегінен тұрғызбай өлтіреді. Бандылар Қыдыр үйіне де барады. Ол «бессатарын оқтайды, арыстандай ақырып, жауды кейін жапырып», «жа-сырынып бұқпайды», «жалғызыбын деп саспайды» тағы да «атарға оғын жұтпайды». Бірақ «мылтығын кайта оқтамақ» болғанында «бұзық болып, бір оғы, құлыш болып шықпайды». Қыдыр құралсыз қалады. Банды-баспашилар оны өлтіреді. Ақын «Қыдыр батыр ер еді, заманының шері еді» – деп, көпке үлгі етеді.

Ақын Қуандық пен Асқардың образдық тұлғасын таныту үшін қосалқы кейіпкер қүйінде алған сияқты. Бірақ бұлар да өмірде болған кіслер. Асқардың таныс, біліс достары, үзенгілес аға буыны.

«Асқар батыр» жырының екінші бөлімі де, бірінші бөліміндегі тізбектеп жырлауға құрылған. Сонымен бірге Асқарды елге танытуды, оның образын ел есінде қалдыруды ойлаған. Оған ақындық қуатын мол жұмсаған. Батыр ел азаттығын, халық бостандығын корғауға тиісті. Әскер мен халық бірге тыныстайды.

Асқар образы – табанды, бір сөзді, жанынан арын бійік ұстаған азамат тұлғалы образ. Елін, хал-

қын сую арқылы, әрдайым келер ұрпаққа өнегелі қүйінде жырланған.

Профессор Ә.Пахратдинов: «Бердақ шайыр «Ерназар би» дастанын болып өткен тарихи оқиға болғаны үшін жазған жоқ. Бұл халық өмірінде мәнгі жырлауға керек болғандығы үшін жазды» [13, 196] – деген. Тілеу мағамбет ақынның жырлары да Бердактың «Ерназар би» тарихи дастанын «жырлауға керек оқиға болғандығы үшін» жазғаныңдай ақынды баспашилар мен ел күресін көрсету керек болғандығы үшін және баспаши әрекетін әшкөрелсөу ниетінде жазды. Баспашилар өз уақытында қазіргі әр жерде, әр елде көрініп қалып жүрген, бейбіт адамдарға үрей туғызып, оларды алаңдатып тұрған экстремисті, өлімді мойындаған террористі, терракті, бұрышта тұрып жай адамдарды тонауышыны еске түсіреді, әрі бұлармен сабактастығы тарихтан мәлім. Ал қазіргі терроризм мәселе сін әшкөрелейтін және олардың қаралы ісіне қарсы күресіп жүрген абзal азаматтардың бейнесін көркем сөз өнерінде сәулелендіру қазіргі күн үшін кажет-ак. Ал баспаши тақырыбы бұрынғы терроршылар бейнесін жырлаған, олармен күрекендерді абзal күйімен ұлықтаған шығармашылық болып табылады. Міне, бұлар жазбауға болмағандығынан жазылған дүниелер еді.

Тілеу мағамбеттің «Ермәғамбет батырдың қыссасы» жалғыз нұсқада, көшірме ретімен ел арасына тараған. Бақытжан Мұстажепұлы Аманжолов дәптерінен көшірмеге иеміз. Н.Дәуқараев атындағы тарих, тіл және әдебиет институтының қолжазба қорында р-170, р34 54067 тіркеуімен сакталды. Екеуі бірдей.

Жыр сипаттық баяндауға құрылған. Сюжеттік желісі – Қазақстанда отырған Барак ауылы Самнан шығып, Қоңырат қаласына дән алу үшін аттанады. Жыр – жолға шыққан керуеншілерді тонаитын баспашилар мен жолаушылар күресін, соғысын көрсетеді. «Ермәғамбет батырдың қыссасы» да Асқар батыр жыры секілді жыр қаңармандары қалыптасқан қүйінде жырланады. Жыр үш бөлімнен тұрады. Бірінші, керуен-шілердің базаршылық шаруасымен Қоңырат қаласына сапарға шығуы, екінші, керуен құрамындағы азаматтарды таныстыру, үшінші, жол тонауушы баспашилар мемен керуенші-азаматтардың Қарауымбет жері қасында болған соғысы.

«Ермәғамбет батыр қыссасы» оқиғасы – үшінші бөлімде көрінеді. Шеру Қарауымбет тауына жеткен соң, «Тау астына қарады, тау астына қараса, шаң бүркырап шығады». Шаңды көргендер ойға қайғы алады. Сол шаңды көрген Ермәғамбет көпке

былай дейді.

— Ау, жігіттер, саспаңдар!
Жаудан корқып қашпаңдар!
Тауга қарай бүрүлін.
Енді жолды, тастаңдар,
Ауыздарың бір болсын,
Біріңіз қия баспаңдар!
Орталыққа түйені,
Шегеріп байлан, тіздендер,
Суды тасып алыңдар,
Окопты тағы қазыңдар,
Бір жағымыз су болсын,
Қалың қамыс ну болсын,
Бір жағымыз тау болсын,
Азамат ерлер сау болсын.

Ермағамбет қосыны керуен басшының өтініш бүйріғын түгел орындаиды. Баспаши құрамын барлап, анықтауға «бір баланы баршаға, шығарайын өзімнен, оған серік баланы шығарайын көбінен» – жібермек болады. «Сұлікбайұлы Айтбай» Ермағамбет баласына қосылады. Өтеміс би баласы Боранбайдың, Айтбай Ермағамбеттің жүйрігін таңдаиды, соған мінеді. Ермағамбет баласына таңдаулы, жүйрік жетпей қалады. Ол әкесіне өкпелеп, бармағын тістеп қосында қалып қояды. Топ соғысқа дайындалады.

Барлауға кеткендер де мылтық атып, жауын құлатып көпке есен қосылады. Көптін таңдайы күргап кебеді. Дағданын жүректі баласын суға жібереді. Бұршақтай жауған оқ арасынан амалдап өтіп, суды аламанға жеткізеді. Мергендер шөлі қанаады.

Баспаши бастығы дауыстап «Кәпір казақ, ит қазақ, қорықпаймын қанынан, ит пен құсқа жем етем, шірітермін тәнінді» – дейді. Баспашины тұрпайы сөзімен сөйлестіп, оның жан дүниесінің олқылығын танытады. (Мен-меншіл сөзді баспаши бастығын) Қойшығұлұлы Бақтыбай, Келдібектің ақтығы баспашиның сөздері сүйегінен өткен соң бесатарын дөл көздел атады. Оның үні өшеді. Эпостық жырларындағы қалмақ батырлары секілді асқақтық, меммендік тұлға баспашилар образында да жалғаскан. Өктемдік оларды мінез жағынан біріктірген.

Базаршылар қарсыласын женіп, Қоныратқа аман жетеді.

«Марқабай мен Өтешбай батыр ъакында» атты жырды «Ермағамбет батырдың қыссасы» секілді Н.Дәуқараев атындағы тарих, тіл және әдебиет институтының р-170, рег 54067 тіркеуіндегі колжазба материалынан алынды. Бұл да баспашилармен күрес тақырыбына құрылған. Дастан жыршылар репертуарына түссе алмаған.

Оған екі түрлі себеп бар. Бірінші, Ермағамбет батырдың қыссасы секілді батырлықты, ерлікте ежелгі батырлардай тартыс үстінде емес, олардың ерлігін жадағай сипаттап, баяндаі, сырттай бағалап айтуы, жазуы тыңдаушы қауымға солғын жететіндігінен жыршылар репертуарына қосылмаған болуы керек. Екінші, жырдың көркемдігі ақынның өзге жырларына қарағанда реңділігі темен шықкан. Дегенмен автордың қарақалпақ тілінде қарақалпақ халқынан шыққан батырлар образын жазуға қадам басуы құптарлық. Оның үстінен қазақ, қарақалпақ, өзбек халықтарының туыстығын, татулығын жырлауға ұмтылуы тиімді, сәтті. «Қазақ, қалпақ дейміз, ердің құші ортақты» кезде ұлттар достығын аялап – Өтешбай мен Марқабай тұлғалағына жинақтаған. Батырлар жүрген жерде «Қашады баспаши сескене, тиген жерін құйдірер, қарапайым «халықты құтіп алдырмай, баспашиға олжа салдырмай», «қолымда жарак жарқылдап» жүрген кейіпкерлер – Тілеумагамбет шығармашылығының басты лейтмотивы болды.

Академик Р.Бердібаев: «Жамбыл дастандары қазақ поэзиясына өзіндік ажар, салмак сала косқан мол, қадірлі, көркем жинақтаулар. Оның дастандарының қаңармандары бір ауыл үшін емес, бүкіл халықтың нағыс, ар жолында қайрат көрсететін, саналы адамшылығы ірі, нұрлы нысананы көздеңен азамат жандар болып келеді» [14, 155] – деп, Жамбыл дастандарына баға берген еді. Академик пікірін біздің объектімізге алған қарақалпақ, өзбек, қазақ ақындары шығармашылығына қолдануға болады. Олар да ел нағысын, ұлт нағысын қорғауда көрінген адамшылығы мол азаматтар еді.

Тілеумагамбет жырлары қарақалпақ, өзбек, қазақ әдебистінде «Сейілхандықтар» өктемдігін танытып жырлаған әдеби дәстүрдің жалғасы.

«Асқар батыр», «Ермағамбет батыр қыссасы», «Марқабай мен Өтешбай батыр ъакында жыр» мәтіні қазақ, қарақалпақ тарихи жырларының мәтініне тыңнан қосылып, көркемдігімен, композициясының ширактығымен әдеби мұрамызыды байыта алады.

Халық естен кетпес зәбірді кімнен көрсе, сол оқиғаны тарихи жырларында баяндаған. Қарақалпақ, өзбек халық өлеңдері, ұлы Әжінияздың «Бозатыу», Тілеумагамбеттің «Асқар батыр», «Ермағамбет батырдың қыссасы», «Өтешбай батыр мен Марқабай батыр», Жақып жыраудың «Құлназар» жыры, жаумыт шапқыншылығы мен баспашилар ісін қаралауға арналды. Олардың халық басына түсірген мүшкілдіктеріне ақынның «МЕНІ» арқылы, ал эпикалық туындыларында» «ОЛ – ҚАЙАР-

МАН» арқылы және өздерінің дуниетаным сезімімен қарсы тұрды. Сейтіп, тындаушы, оқушы қауымның отаншылдық, азаматтық тұлғасын қалыптастыруды.

Қорыта келгенде, тарихи өлең-жырлардың тақырыптың шоғырланып дамуын салыстырмалы әдісімен, тарихи-типологиялық дамуымен зерделесек, оның үлтқа қарамай белгілі бір аймақта тарихи өлең-жырлардың бір тақырып төннегінде дәстүрлес есу жалғастығын көруге болады. Ол тақырыбы ортақ халықтарды туыстырады. Рухани дуниесі тынысының бірлігін көрсетеді. Осы әдіспен жонғар калмақтары мен Ресей отаршылдарын әшкереlep ж.т.б. қарсы шыққан өнер туындыларын цикл бойынша қарастырсақ, біздің әдебиетіміздің, әрі рухани байлығымыздың бірін-бірі байытуын, ықпал-әсерін сөз өнерінен анық көре аламыз.

ӘДЕБИЕТ

1. Өуезов М. Уақыт және әдебиет. Алматы: ҚМКӘБ, 1962. 428 б.
2. Садырбаев С. Фольклор және эстетика. Алматы: Жазушы, 1976. 152 б.
3. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. Алматы: Қазақ университеті, 2001. 467 б.
4. Қосымова Г. Қазақ шешенендік өнерінің негіздері. Алматы: Білім, 2003. 260 б.
5. Әжініяз. Нөкис: Қарақалпақстан. 1975. 252 б.
6. Қарақалпақстан АССР тарихы. Нөкис: Қарақалпақстан, 1975. 1-т. 492 б.
7. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы: Қазақ ССР Фылым академиясының баспасы, 1960. 1-т., 1-кітап. 740 б.

8. Мақсетов К., Тәжімұратов А. Қарақалпақ фольклоры. Оқулық. Нөкис: Қарақалпақстан, 1979. 364 б.

9. Хорезм Халқ қүшиқларидан намуналар. Тошкент: Фан, 1965. 416 б.

10. Қарақалпақстанның жаңа тарийхы: Қарақалпақстан XIX әсирдин екинши ярымынан XXI әсирге шекем. Нөкис: Қарақалпақстан, 2003. 556 б.

11. Қарақалпақстан АССР тарихы. Нөкис: Қарақалпақстан, 1989. 384 б.

12. Қарақалпақ фольклоры. XX томдық. Нөкис: Қарақалпақстан, 1980. 486 б.

13. Жапақов Н. Социалистлик реализм жолында. Нөкис: Қарақалпақстан, 1967. 176 б.

14. Пахратдинов Ә. Бердақ шайырдың дәстанлық шығармалары. Нөкис: Қарақалпақстан, 1987. 344 б.

15. Бердібаев Р. Дәстүр тағлымы. Алматы: Жазушы, 1973. 232 б.